

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1 - 272-275

ҚАРҚАРАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНІҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Мазаржанова Қ.М., Асатова А.Қ.

Табиғатты қорғау халықаралық одағының 10 жылда бір өткізілетін «Дүниежүзілік ұлттық парк және қорғалатын аумақтар» конгрессінде осы сала бойынша мыңдаған сарапшыларды бірараға жинайды. 2014 жылы Сиднейде – өткен конгресте жаһандық экологиялық шаралар бойынша тұрақты туризммен байланысты сұрақтар айналасында 125 презентация дайындалып қарастырылды. Бұл дүние жүзі бойынша саябақтарды дамытуда туризмнің маңыздылығын арттыру жолындағы шаралар болып табылады [1].

Қазақстанда да ЕҚТА-ды дамыту, көлемін ұлғайту барысында әсіресе, МҰТП аумағында көптеген жұмыстар заңдар аясында атқарылуда. Бұған еліміздегі парктер, резерваттардың аумағы ұлғайып, саны артып отырғандығы дәлел бола алады.

Зерттеу аумағы болып табылатын «Қарқаралы» МҰТП Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 желтоқсандағы № 1212 қаулысымен құрылды. Қарағанды облысының Қарқаралы ауданының шығыс жағында орналасқан парк 112120 га аланды алып жатса, оның 45339 гектары орман шаруашылығына қарайды [2]. «Қарқаралы» атауы Қазақстанда демалу орындары, ұлттық паркпен байланыстыра аталынады. Қарқаралы МҰТП елімізде рекреациялық мақсатта пайдаланатын жерлердің бірі болып табылады. Парк аумағында жыл сайын мыңдаған туристер демалады, қазіргі таңда Қарқаралыда туризм терең дамуы жолында жағдайлар жасалынуда. Туристердің әрдайым келуі Қарқаралы мен Қарағанды облысының рекреациялық тұрғыдан дамуына ықпал жасағанымен, рекреанттардың келуі ландшафты территорияға өзіндік әсерін тигізеді. Демалу аумақтарының рекреациялық жүктелімі бар, егер рекреантар ол жүктелімнен жоғарғы жағдайда болса, сол жерлерге салмақ түсіріп, ағаштардың жағдайының әлсіреуіне, топырақтың тығыздалуына, топырақ жамылғысының тапталуына себепші болады.

Ормандарды, рекреациялық мақсатта пайдалану – орман, парк алаңдарын кешенді пайдалану және адамдардың денсаулығы қалпына келтіру, жанама пайдалану арқылы экономикалық тұрғыдан жағдайын жасау,

эстетикалық тұрғыдан психикасын жақсарту, демалу сияқты қызметтерді қамтиды [3].

Қазіргі уақытта рекреациялық ормандар, орман қорында ерекше санатқа жатқызылмайды. Дегенмен бұл тақырыпта ғалымдар әр-түрлі пікірде, мысалы 1985- жылғы еңбектерінде И.В. Таран [4] осы санатқа жан - жақты рекреациялық тұрғыдан пайдаланатын орман қорының аудандарын жатқызған болса, 1983 жылы Л.П. Рысин [5] «Рекреациялық орман», - деп халықтың демалуына арналған, арнайы дайындалған және шаруашылық қызметі осы жұмыс мақсаты үшін ұйымдастырылатын ормандарды атауға болатынын айтып өткен.

1986 жылы жарияланған Орман энциклопедиясында рекреациялық ормандарға - қалалық ормандар, парктер, шипажайлардың санитарлық қорғалатын аумақтары, жасыл зоналарындағы жерлер, емдеу - сауықтыру мекемелері (демалыс үйлері, санаторийлер) жасыл зоналары жатқызған.

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің туристік және рекреациялық аймағы 29 098 га алып жатыр, яғни бұл парк аумағының 26 %. Бақыланатын туризм мен рекреацияны дамыту мақсатында ұлттық парк аумағындағы жерді қысқа және ұзақ мерзімдік жалға беру, заңды түрде жүргізіледі [2].

Зерттеу жұмысы барысында «Қарқаралы МҰТП» мемлекеттік мекемесіндегі «Тау» орманшылығындағы М. Мамраев атындағы ауылдық округының 21 кварталдағы 13 және 14 телімдерінде үлгі алаңдары салынып, таксациялық көрсеткіштері анықталып, сол аумақтың рекреациялық жағдайын бағалау үшін зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу нәтижелерінде: 13 телім жердің беткейі оңтүстік – батыс бағытына қарай 15 градусқа еңіс орналасқан, таксациялық көрсеткіштер бойынша таза кәдімгі қарағайлар және 14 телімде аралас күйінде 60 % кәдімгі қарағай және 40 % бұталы ағаштар (итмұрын, арша) өсетіндігі анықталды. 13 телімде ағаштардың орташа диаметрі 22 м, орташа биіктігі 16 м, пісіп – жетілгендері V бонитет сыныбына жататындығы анықталды. Ал, 14 телімде ағаштардың орташа диаметрі 34 м, орташа биіктігі 22 м, бонитет класы - III, жердің беткейі оңтүстік – шығыс бағытына қарай 5 градусқа еңіс орналасқандығы анықталды. 13 телім 14 телімге қарағанда, тігінен таулы беткейде орналасқандықтан пісіп жетілген ағаштар басым. Ағаштардың өсуі мен дамуына жер бедерінің еңістігі әсер етіп отыр деген тұжырым жасауға олады [5-6].

Жалпы рекреациялық мақсатта 2010-2015 жылдар аралығында Қарқаралы МҰТП жүргізілген іс-шаралар 1-кестеде көсетілген.

1-кесте. Туристік және рекреациялық қызметтердің көрсеткіші


Атауы	Жылдар ішіндегі саны						
	2010	2011	2012	2013	2014	2015	Барлығы
Ауданға келушілер (адам)	11874	11957	14783	18585	21076	21931	100206

Маршруттар саны	8	8	11	11	11	11	60
Маршрут ұзындығы (км)	746,8	746,8	785,8	785,8	785,8	785,8	4636,8
Оның ішінде тасжол (км)	400	400	400	400	400	400	2400
Маршрутта көрсетілген қызмет адамдар саны	8179	10910	11830	12750	13922	14583	72174
Бақылау – өткізу бекеттері	5	5	5	5	5	5	30
Құрылған аншлағтар, нұсқаулықтар, ақпараттық	22	51	30	30	15	30	178
ЕҚТА учаскелері қысқа мерзімге жер берілді	2	4	7	-	6	8	27
Учаскелер ұзақ мерзімге берілді	-	-	5	-	-	-	5

Кестеде көрсетілгендей 2010-2015 жылдар аралығында 100206 рекреанттар келген. Осы жылдар аралығында 60 маршрут жұмысқа қосылған және келушілерге әртүрлі қызмет ұсынған адамдар саны 72174 болса, жылына 5-бақылау бекеттері орнатылып, парк аумағын ақпараттық таныту мақсатында әр түрлі 178 шара өткізілген. Ал қысқа мерзімдік пайдалануға 27 учаске берілген, ұзақ мерзімге 2012 жылы 5 учаске ғана берілген.

Бұл кестеден байқағанымыздай келушілер саны 2010-2011 жылдары - 12%, 2012 жылы -15%, 2013ж. - 18%, 2014ж. - 21%, 2015ж - 22% болып, жылдан жылға артып отырған, бұл ұсынып отырған қызметтер нәтижесінде, қорғау шаралары, насихаттау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отырған.

Дегенмен парк аумағына жылына келушілер санымен қызмет ұсынған адамдар саны жақынырақ, бұл көрсеткішпен өте жақсы қызметтер ұсынуға болатындығын баса айта кететін жағдай. Сонымен қатар нұсқаулықтар, ақпараттар ұсынылғаны өте құптарлық, бірақ өткізу бекеттерінің 5 жерден болғандығы келушілерге (1-сурет) оң әсерін тигізе ме, деген сұрақ туындайды.



1-сурет. 2010-2015 жж. аралығында парк аумағына келушілер

Қорытындылай келе, 2010-2015 жылдар аралығында Қарқаралы МҰТП 112 120 га аланда жылына максимум 100206 адам демалған болса, бұл көрсеткіштер шаққанда 2010 – 989 адам, 2011 -996 адам, 2012 -1232 адам, 2013 -1545 адам, 2014 -1756 адам айына демалған.

2015 жылы осы аумақта жалпы 21 931 адам демалған болса, бұл көрсеткішті 12 айға шаққанда айына 1827 адам рекреациялық мақсатта осы аумақтарды пайдаланған, ал 30 күнде 61 келушілер болған. Бұл көрсеткіштер туризмді дамыту мақсатында жақсы болғанымен рекреациялық тұрғыдан белгіленген жүкелімнен асып кетпеуі тиіс. Ал, зерттеу аумағымыз болы табылатын «Тау» орманшылығында келушілер саны жылына – 5002 адам, айына шаққанда 416 адам, күніне 14 адам келген. Бұл көрсеткіштер бойынша қарағай ормандарында 1 га 10-12 адам демалуға рұқсат етілген болса, 2011 - 2015 жылы Тау орманшылығында жүктелім қалыпты, рекреациялық салмақ түсірмейтіндігі анықталып отыр.

Қарқаралы МҰТП аумағының жалпы рекреациялық жағдайына тоқталар болсақ, рекреациялық жүктелімге салмақ түскендігі анықталып отыр, дегенмен аумақты қорғау шараларына жете көңіл бөлінген.

Жалпы қорытындылай келе парк әкімшілігіне келесі шараларды қолдануға ұсыныс жасаймыз.

-Рекреациялық объектілерде рекреациялық жүктелімге салмақ түсірмеу мақсатында арнайы соқпақ және жүргінші жолдарын ұйымдастыру;

-Туристер үшін демалыс орындарын көбейту;

Қарқаралы МҰТП-н рекреациялық тұрғыдан алып қарағанымызда толық дамыған деп айта алмағанымызбен, жақсы қызмет көрсету, рекреациялық жағдайын жақсарту, даму жолында үлкен мүмкіндіктері бар, ҒЗЖ бойынша бірлесе атқарылатын істер нәтиже беріп, жалғасын табады деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Spenceley A., Tourism and protected areas: Comparing the 2003 and 2014 IUCN World Parks Congress. Tourism and Hospitality Research.-2014. ISSN:1467-3584E-ISSN:1742-9692.
2. Қарқаралы МҰТП ММ - нің жылдық есеп беруі. – 2015. – С.30-35.
- 3.Тарасов А.И. Рекреационное лесопользование. – М.: Агропромиздат, 1986. –С.7-8
- 4.Таран И.В.,Рекреационные леса Западной Сибири.–Новосибирск, –1985. – С.40-42
- 5.Рысин Л.П., Рекреационные леса и проблема оптимизации рекреационного лесопользования. –М.: Наука, –1983. – С.28-31.
6. Рекреационное лесоводство: учебное пособие / А. И. Миленин; М-во образования и науки, ФГБОУ ВПО «ВГЛТА». – Воронеж, 2013. – С.121-128.